

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

6

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2016

ҚАРАША  
НОЯБРЬ  
NOVEMBER

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Ресей)  
**Абишев М.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуқанов Д.А.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Байпақов К.М.** проф., академик (Қазақстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Қазақстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Велихов Е.П.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Әзірбайжан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Қалимолдаев М.Н.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., корр.-мүшесі (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалықов Ж.У.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Ресей)  
**Поняев А.И.** проф. (Ресей)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Қазақстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Умбетаев И.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Тәжікстан)

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде  
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2016

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р  
д. х. н., проф. академик НАН РК  
**М. Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Россия)  
**Абишев М.Е.** проф., член-корр. (Казахстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Апель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуканов Д.А.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Байпаков К.М.** проф., академик (Казахстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Казахстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Казахстан)  
**Велихов Е.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Азербайджан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Калимолдаев М.Н.** проф., чл.-корр. (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., чл.-корр. (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалыков Ж.У.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Россия)  
**Поняев А.И.** проф. (Россия)  
**Сагьян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Казахстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Умбетаев И.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

**ISSN 2518-1467 (Online),**  
**ISSN 1991-3494 (Print)**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов  
Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

**M. Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d:

**Abiyev R.Sh.** prof. (Russia)  
**Abishev M.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Avramov K.V.** prof. (Ukraine)  
**Appel Jurgen,** prof. (Germany)  
**Baimukanov D.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Baipakov K.M.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baitullin I.O.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Joseph Banas,** prof. (Poland)  
**Bersimbayev R.I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Velikhov Ye.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Gashimzade F.** prof., academician ( Azerbaijan)  
**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)  
**Davletov A.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Dzhrbashian R.T.** prof., academician (Armenia)  
**Kalimoldayev M.N.** prof., corr. member. (Kazakhstan), deputy editor in chief  
**Laverov N.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Lupashku F.** prof., corr. member. (Moldova)  
**Mohd Hassan Selamat,** prof. (Malaysia)  
**Myrkhalykov Zh.U.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Nowak Isabella,** prof. (Poland)  
**Ogar N.P.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Poleshchuk O.Kh.** prof. (Russia)  
**Ponyaev A.I.** prof. (Russia)  
**Sagiyani A.S.** prof., academician (Armenia)  
**Satubaldin S.S.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Tatkeyeva G.G.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Umbetayev I.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Khripunov G.S.** prof. (Ukraine)  
**Yakubova M.M.** prof., academician (Tadjikistan)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**K. K. Kaldybay<sup>1</sup>, T. K. Abdrasilov<sup>1</sup>, B. Zh. Paridinova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Kh. A. Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

<sup>2</sup>«Bolashak» University, Kyzylorda, Kazakhstan.

E-mail: kaldibaykaynar@list.ru, turganbay33@mail.ru, filosof.sokrat.86mail.ru

## **ANTHROPOLOGY IN RELIGION PHILOSOPHY: MAIN THEORETICAL CONDITIONS OF RESEARCH**

**Abstract.** This article considers human problems in the philosophy of religion which is primarily concerned with the spiritual level, in particular, it arises from the spiritual search. It is directly related to a person's attitude towards religion, his state of mind, the human self-knowledge, cultural, social and spiritual aspects. From a metaphysical point of view of the world of culture combined with the deified way "spirit", "mind" and "consciousness." Therefore, one of the most important guide of human spirituality is religious consciousness. Since ancient times the human spirit to achieve a high conditional on the release of a person from bodily temptations, religion has also sought to create a person's moral code in this way.

**Key words:** religion, philosophy, human, spirituality, moral qualities.

ӘОЖ 141.7

**Қ. Қ. Қалдыбай<sup>1</sup>, Т. Қ. Абдрасилов<sup>1</sup>, Б. Ж. Паридинова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қ. А. Ясауи ат. ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан,

<sup>2</sup>«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан

## **ДІН ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АНТРОПОЛОГИЯ: ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ**

**Аннотация.** Мақалада дін философиясындағы адам мәселесін зерттеудің теориялық алғышарттар мәселесі қойылды. Ол, алдымен, адам болмысының рухани қырын және адамдағы рухтық болмыстың философиядағы қойылысы туралы сараптамаларға шолу жасап, оларды талдап берумен жалғасын тапты. Осыдан туындаған діни сана, діни-психологиялық климат өз кезегінде, дін философиясының негізі болған әлемдік діни философия тарихына шолу жасаумен ұштасты. Мұнда, дін мен діни философияның айырмашылығы, теологияның түрлері сарапталып, дін философиясындағы адам мәселесі нені, қалай зерттеу қажет екендігі және оған қандай кезеңдер алынуы тиіс екендігі теориялық тұрғыдан анықталды.

**Түйін сөздер:** дін, философия, адам, руханият, моральдық құндылықтар.

Философияның көп қызметтерінің бірі – әдіснамалық қызмет екендігі белгілі, яғни, басқа ғылымдардың дамуы, ондағы мәселелердің қойылысы, тіптен қоғамдық өмірдегі қарапайым-тұрмыстық ахуалдар мен әлеуметтік қайшылықтарды реттеудің жолдары т.б. көп жағдайда осы тәсілге келіп тіреледі. Тіпті философиялық зерттеулердің өзі, алдымен, қойылып отырған мәселенің бағдары мен шарттарын анықтап алуы арнайы философиялық тұрғыдан шешуді қажетсінеді, демек, философия рефлексияланады.

Осы орайда, біз қарастырып отырған мәселемізді сараптамас бұрын, оның теориялық-әдіснамалық бағдарын құру мен оның жалпы бағдарын анықтап алуымыз қажет. Ол үшін біз, алдымен, пәнаралық байланыс тұғырларын, одан соң, адам болмысын діни тұрғыдан қарастырылу бағдарына тоқталамыз. Сонымен қатар, алдымен, дін философиясындағы адам мәселесін қарастырудың өзіндік қиыншылықтары мен түйткілді тұстарына атап өткіміз келеді.

1. Дін философиясымен діни философияның зерттеу нысаны мен пәнін нақты ажыратып барып анықтау қажеттілігі туындайды. Себебі: «Дін философиясын философияның діні ретінде алып қарау қате болғаны сияқты оны діни философия деп түсіндіру де дұрыс емес» екендігі де бұл тұста аса маңызды шындық [1].

Одан діни философиядағы адам мен дін философиясындағы адам мәселесінің айырмашылықтарын саралаудың өзіндік күрделі тұстары бар екендігі де мәселе ретінде қойылады.

2. Дін философиясының әлі де болса, толыққанды, кемелденіп дамымауы, қарастырылатын мәселелерінің десан қилы бағытта өрістеп келуі, нақты әдіснамалық бағдары мен философемдерінің жүйеленбеуі т.б. зерттеу бағдарымыздағы көптеген мәселелерді анықтап алуды қажет етеді.

3. Қарастырылып отырған тақырыптың өзі көпқұрылымды субекті-предикаттық жүйе болып табылады. Алдымен, философия ғылымы мен дін мәселесі – дінтану ілімі, ондағы діннің философиясы, осы діннің философиясы тарихындағы зерттелу деңгейі, оның ішіндегі адам болмысы туралы пайымдауларға сараптамалар, дін философиясындағы адам мәселесінің теориялық және әлеуметтік философия бойынша анықталуы тиісжақтары, дін адамзат баласының көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі өмір салтымен, болмысымен тұтасып кеткендіктен, қойылып отырған мәселенің тәжірибелік қырлары т.б.

4. Дін философиясы, көп жағдайда, адамзаттық руханият тарихындағыдай, діни философия мен теология, бұқаралық-теориялық қоғамдық дінге аса берілген сана тарапынан сынауға ұшырайды және кей сәттерде сезімдік тұрғыдан төзімсіздікке де тап болады. Яғни, діннің философиясы тұрғысынан қозғалған, сарапталған мәселелердің көпшілігі, автордың дінге деген қатынасын, нақтырақ айтқанда, терістеушілік немесе қолдаушылық пікірін ерікті-еріксіз түрде кірістіріп отыруға қарай жетелейді. Сондықтан, таза абсолютті сезімсіз-сенімсіз бейтараптандырылған рационалды тұжырымдар жасау оңайға соқпайды.

Осындай түйткілді мәселелерді ескере отырып, біз өзіміздің төлтума ойларымыз бен идеяларымызды келісімпаздық түрде ұсына аламыз. Ендеше келесі кезекте, тақырыпқа байланысты зерттеу арналарының, бағдарларының қалай туындайтындығын көрсететін боламыз. Яғни, негізгі мәселені зерделеу үшін адам болмысын зерттейтін философиялық бағыттардың діндегі адам бейнесімен қалай байланысатындығын, адам болмысын зерделеудегі қарастыратын мәселелер тізбегінің дінмен байланысын, дін философиясының туындау шарттарын т.б. талқылап аламыз.

1. Қойылып отырылған тақырыптың басты ұғымдарының бірі – адам, сондықтан, біз жалпы бұл ұғым тым кең болғандықтан, тұтастай адам болмысын зерттеуде қарастырылатын барлық қырларын барынша толықтай ашып алуымыз керек. Адам мәселесі жалпы антропология деген атаумен, тек философияда ғана емес, биологияда, анатомияда, психологияда, педагогикада, әлеуметтану т.б. ғылым салаларында қарастырылатын объект екендігін ескерсек, оның ішіндегі философиядағы адамды зерттейтін ХХ ғасырдағы: философиялық антропология (діни-философиялық антропология), экзистенциализм (діни экзистенциализм), психоанализ (діни сананың психоанализі), прагматизм (діни тәжірибе), персонализм (құдаймен рухани бірігу трансценденция векторы), неотомизм (интегралды гуманизм), феноменология (дін феноменологиясы) сияқты бағыттардың өзі жеткілікті екендігін назарға алсақ, дінтану ілімі бойынша, дін философиясынан туындайтын: дін философиясы, дін әлеуметтануы, дін психологиясы, дінтану әдіснамасы, діни антропология, дін феноменологиясы сияқты салаларды жинақтасақ, екеуін бітістіру мен кіріктіру арқылы, зерттеу мәселелерін ортақтандыру бойынша – дін философиясындағы адам мәселесінің қарастыратын ауқымын анықтап ала аламыз.

2. Адам болмысын танудың философиядағы мәселелерін біз әуелі былайшы тиянақтап аламыз: Адамның қырлары: биологиялық, психологиялық, рухани, әлеуметтік; Адамдық деңгей: Адам – Жеке адам –Тұлға; Ғұмыр кешу: өлім мен өмір, өмірдің мағынасы, мәңгі өмір идеясы; Адам еркі: еркіндік пен жауапкершілік, фортуна мен фатум; Адам мен дүниенің қатынасы: Адам-Адам, Адам-қоғам, Адам-табиғат, Адам-әлем; Адам жаратылысы: антропогенез, антропосоциогенез, креационизм; Адам болмысының құрылымы: Тән-Жан-Рух түзілімі; Өмір сүру тәсілдері: эвдемонизм, гедонизм, аскетизм, утилитаризм, перфекционизм, индивидуализм; Адамның қажеттіліктері: материалдық, биологиялық, рухани, эстетикалық; Этика: мақсат пен мүдде, бақыт пен игілік, ізгілік пен зұлымдық т.б. Сондай-ақ, адам болмысын танудың әлеуметтанулық негіздерін де философиялық тұрғыдан ұсыну назардан тыс қалдырылымайды: қазіргі заманға тұлға, қоғам мен жеке адам арасындағы қатынас, ағарту мен білім беру, жастар мәселесі т.б.

Келесі кезекте, осындай таза философиялық мәселелерді, теологиямен емес, дін философиясы тарихы мен бұл ілімнің қазіргі кезеңі бойынша қарастырамыз және дін философиясындағы адам мәселесін өзіміздің идеяларымыз бойынша сараптаймыз. Осы тұста, Б. Расселдің: «Дәуірді немесе ұлтты түсіну үшін біз оның философиясын түсінуіміз керек. Адамдар өмірінің жағдай философиямен анықталады, сондай-ақ керісінше олардың философиясы осы жағдайларды анықтайды», – деген тұжырымына [2] аналогиялық түрде, біз: «белгілі бір халықтағы немесе дәуірдегі адам мәселесінің толғанылуын анықтау үшін, олардың діндеріндегі адам мәселесін анықтап алу аса маңызды» деп ой түйіндей аламыз.

3. Дін философиясы философия ғылымының кең ауқымдылығына байланысты, кейіннен пайда болған ілім, миф философиясы, құқық философиясы, тарих философиясы сияқты дінді философиялық тұрғыдан зерттейтін арнайы сала. Сондықтан, біз оның дін ілімдері мен ондағы бағыттар арқылы қалыптасуының сатыларын хронологиялық ретпен қойып емес, дін философиясына қарай жетелейтін жүйемен, жекеден жалпыға қарай өтуі бойынша орналастырып туындата аламыз және әрқайсысына өзіміздің талдауларымызды көрсете келіп, ондағы адам мәселесіне қатысты тұрғыларға көбірек көңіл бөлеміз: «теодицея – апологетика – схоластика – теология – діни философия – еркін-ой сана – дін философиясы».

Теодицея апологетиканың бір ғана саласы, тек қана жер бетіндегі зұлымдықты құдайдың неге жойып жібермейтіндігі туралы жаратушыны ақтап алу тәсілдері. Онымен бастапқы шұғылданушылар көне Грек философтары болғандықтан, ақтап алуды тек сезімдік-сенімдік тұрғыдан емес, пайымды философиялық тұрғыдан негіздеуге ұмтылды. Стоиктер теодицеяның этикалық, логикалық т.б. нұсқаларын ұсынды. Яғни, мазмұны діни философиялық сипатты болғанмен, ақтап алудағы қолданылатын тәсілдері мен ойлау машығы философиялық болды. Демек, дін философиясындағы адам мәселесіне, біріншіден, ойлау тәсілдері арқылы, екіншіден, адамның руханияты, оның ішінде, адамгершілік болмысы туралы мәселелерді саралауымен келіп тоғыса алады. Ал орта ғасырдағы ойшылдарда болмысының этикалық жақтарына діни тұрғыдан келді, адамның зұлымдықты өзі таңдайтындығы (Августин Аврелий), құдай зұлымдықты адамдарды жазалау үшін туғызғандығы (Ф. Аквинский).

Апологетика негізінен алғанда, теологияның бір бағдары, бірақ ол ілімге қарағанда жеке бір бағыт. Ол діни мәтіндермен тығыз байланысты болғанмен, одан тыс өздігінше толғана алатын және рационалды бағдарға қарай бет бұратын арна. Бұл бағыттың түпкі мақсаты дінді ақтап алуға басымдылық берумен шұғылданғанмен, философиялық тұрғыдан өзіндік пайымдаулар жасауға ұмтылуы арқылы дін философиясының рационалистік-өнімді ойлау ұстанымдарына қарай «еліктейді». Мысалы, діни мәтіндер мен қазіргі ғылыми жаңалықтарды салыстыра келе, діни ілімдерде ашылып жатқан жаңалықтардың бұрыннан-ақ барекендігі туралы жасалған тұжырымдар, тек қана діни идеологиямен шұғылданған шеңберден тысқары шығады. Бұнда адам туралы мәселелер дөңсесті қалмайды. Мысалы, қазіргі кездегі апологеттер адамның пайда болуы туралы дарвинистік ілімді сынап, жоққа шығару үшін логикалық тәсілдерді, рационалистік пайымдауларды қолдана алады және белгілі бір деңгейде жаратылыстанулық білімдерді де игеруі керек, оның ішінде, дарвиндік-ламарктік тұжырымдаманы да барынша толық меңгеруі тиіс. Олар, ендеше, сенім мен сезімдік тұрғыдан сәл де болса ауытқуға мәжбүрленеді.

Схоластика жалпы батыс еуропалық орта ғасырдағы қалыптасқан діни бағыт болғанмен, дінді уағыздағанмен, Аристотельдік формальді логикаға сүйеніп, спекуляциялық, релятивистік, софистикалық, эмотивизмдік тәсілдерді рационалистік тұрғыдан барынша шебер қолданады. Мысалы, христиандық схоластикадағы тринитарийлар мен антитринитарийлар туралы, номинализм мен реализм жөніндегі тартыстар пікірталастар арқылы олар логикалық дәлелдеулерге, ой ұшқырлығына дейін көтерілді. Бірақ, бұлар да схоластика болғандықтан, адам мәселесі қозғала бермеді. Тек креационизмді дәйектей түсу адамның пайда болуы туралы діни түсініктерді кеңейтті, жан мен тән туралы пайымдауларда тереңірек дәйектеуге ұмтылды.

Теология, қазір де «логия» деген тіркесті сөз арқылы, аксиология, гносеология, космология т.б. сияқты философияның бір саласы ретінде барынша ғылымыланған кейіпте, құдай туралы, тұтастай оның болмысы хақындағы толғаныстармен арнайы шұғылданды, формасы жөнінен логикалық пайымдауларды жинақтады. Мысалы, батыс еуропалық орта ғасырдағы құдайдың барекендігін дәлелдеудің жолдары, Патристикалық онтологияның өрбуі, оның пұтқа табынушылық

политеизмді, гностикалық дуализмді жоққа шығаруы, ариандықтар мен афанасьефшілдердің, монофизитшілдік пен монофелиттіктердің тартысы айтарлықтай философиялық тұжырымдарды туындатты. Бірақ бұнда да адам мәселесіне толығырақ тоқталатын бағыттар көп кездеспеді деуге де болады.

Сөздіктерге жүгінсек, іргелі немесе теориялық теология догматика ретінде әр түрлі бағыттарға сараланады да, дін философиясына келіп жуықтайтын мәселелерді талқылаумен де ұштасып жатады. Салыстырмалы теология – базалық діни ілімді өзге де діндердің негіздерімен салыстырмалы талдау; экзегетика – сакральді мәтіндерді имманентті түсіндірудің әдіснамасы; элеуметтік теология – тарих діни ілім рухында тұжырымдамасы; экклесиология – адамзат пен оның тарихындағы шіркеудің орны және оның тұжырымдамасы т.б. таза теориялық-әдіснамалық мәселелермен шұғылданса, шіркеулік археологияны өзіне біріктіретін (шіркеу тарихы, діни мәтіндер тарихы және оның түсіндірмелері, рефлексивті мета-тарих) – тарихи теология; діни ілімдердің моральдік құндылықтарға сәйкестігін әзірлейтін – құлықтылық немесе практикалықтеология; литургия (құдайға қызмет ету теориясы), гомилетика (уағыздау әрекетінің теориясы), катахетика (бейімделудің қолданбалы әдістемесі) т.б. шұғылданатын – пастерлік теология сәйкесінше, діндегі адам мәселесін зерделеуге немесе діни сенімнің адамға қатысты қырларын саралауға қарай бет бұрды [3].

Сондай-ақ философиялық теология деп аталып жүрген теологияның арнайы философиялық саласының дінге қатысты алғандағы қызметтері интерпретациялық, экспликациялық, ақтаушылық, конструктивтік тұрғыда жіктеледі, философиялық теологияның негізгі екі жақтылығы былайша ажыратылады: конфессионалдық және конфессионалдықтан тыс. Біріншісінде, құдай туралы шіркеулік-догмалық ілімдерді дайындайды, әртүрлі «метатеологиялық» қызметтер атқарады, теологияға қызметтік және апологетикалық мақсаттар бойынша философиялық тәсілдер арқылы талдаулар жасайды. Философиялық теология сондай-ақ жеке философиялық құдайтаным бола алады. Құдай туралы ілімді құру философиялық теологияның конфессионалдық және конфессионалдықтан тыс салаларының да басты мақсаты болып та табылады [4].

Сондай-ақ, катафатикалық теология, кейіннен қалыптасқан диалектикалық теология т.б. салалар барынша ғылымыланған, рационалды кейіпте дамуға қарай бет түзеді. Мысалы, біздіңше, теологияның осы екі саласы теология деген атауы болмаса, дін философиясы тұрғысынан ойлау машығына сәйкестенеді: дінді қайшылықтар туғызу арқылы, пікірталастарды өрбіту арқылы дәйектеу керектігін ұсынып, біржақты уағыздаумен шұғылданудан арылуға ұмтылады.

Діни философия теологиядан неғұрлым кеңірек ұғым ретінде, тіпті «кәсіби философтар» ғана шұғылдануы тиіссала түрінде құрылған бағыт, біздіңше, ол дін философиясының алғышарты болып табылады. Демек, діни философия болмаса, дін философиясы да болмауы немесе айтарлықтай деңгейде дамымауы ықтимал. Яғни, онымен дін иелері, тек қана діни білім алушылар, діни миссионерлер т.б. дінді жетік білгенмен, жүйелі түрде шұғылданбайды десе де болады. Сондықтан, діни философиялық ойларды дін философтары сынауға, жетілдіруге, жоққа шығаруға, оның кейбір тұстарын оңтайландырып пайдалануға да ұмтылады. Тіпті кей сәттерде, дін философтары өз көзқарастарында діни философиялық ой ұшқындарын да жасырып қала алмайды.

Осы тұста, біз зерттеу бағдарымызды нақтылай түсу үшін, басқа бағытқа ауытқып кетпеу мақсатында, қойылып отырған мәселеміздің теориялық-әдіснамалық шарттарын жасақтау қажеттігіне байланысты дін философиясы мен діни философияның ұқсастықтары мен өзіндік айырмашылықтарын көрсетіп, ажыратып алу қажеттігі туындайды:

Ұқсастықтары: екеуі де философияның салалары болғандықтан, идеялар мен тұжырымдар, ұсынылған пікірлер мен ойлар т.б. барлығы философиялық тұрғыдан сарапталады; сондықтан діни философиямен де, дін философиясымен де шұғылданушылар философтар болып табылады; олай болса, бұл философтар өз идеяларын белгілі бір деңгейде дәлелдеулер арқылы береді; зерттеу объектілері дін болудан айнымайды және оған философиялық тұрғыдан келеді; екеуі де бірін-бірі сынауға құштарланады, кейбір еркін ой бағыттарының мазмұндары, ондағы идеялар кейде екеуіне де ортақ болып шығады, бастысы: екеуінде де адам мәселесі қарастырылады т.б.

Бұдан туындайтын тұжырым: дін философиясы таза абсолютті түрде діни философиядан ажырағысыз бола алмайды. Мысалы, С. Булгаков айтқандай, «барлық шынайы философия ол мифті және діни болып табылады, осы себепті діни емес, «бейтарап», таза философияны табу мүмкін емес» [5, 77 б.].



«Діни философияда құдай «проблемаға шығарылады». Оның өмір сүретіндігі философиялық категориялар бойынша негізделеді. Діни философия тек қана діни сенімді ғана емес, Ашылуды да парасатты пайымдауға ұмтылады» деп көрсетілген пікірлер де діни философияның байыпты философиялық ұстанымдар арқылы тұжырымдалатындығын куәландырады. Бірақ, «Дін философиясының діни философиядан айырмашылығының алғышарты болып философия өзінің таным және айғақтарының діннен өзгешелігімен ерекшеленуі болып табылады» [6], – деп көрсетілген пікірлер екеуінің арасындағы таным ерекшеліктерін қайтадан шиеленістіріп жібереді.

Еркін-ой діни философиядан туындағанмен, ол схоластиканы терістейді, теологияға басқа қырынан келсе, діни философия мен теология схоластиканы аса көп терістей қоймайды. Еркін-ойдың басты мақсаты діни догматикаларға қарсылық, қатаң шартталған діни қағидаттардан, канондардан ажырауға тырысады. Нақтырақ айтқанда, діндегі постпозитивистік парадигма бастауларын туындату деп айта аламыз. Мысалы, бірінші деизм догмалардан, теизмнен болмашы деңгейден еркіндік алу болса, пантеизм одан да алшақтай түсу, еретиктер дінге реформалар жасауға, догмалардан қол үзуге дейін ұмтылады, антиклерикализм мен зайырлылық жалпы дінді қоғамдық өмірдің кейбір қырларынан ажыратуға қарай бет бұрып, олардан да ілгерілей түседі. Ал атеизм, адамның діннен мүлде азат болуын негіздеп, кей сәттерде радикалданып кетеді.

Екінші бір қырынан алғанда, біздің байқағанымыздай, бұл ағымдардың осылай өрбу тізбегі, құдайдан, адамға, діннен қоғамға қарай бірте-бірте бет бұрады. Мысалы, антиклерикализм мен зайырлылықтағы басты мәселе, түптеп келгенде, қоғам (мемлекет) мен діннің арақатынасы туралы.

4. Келесі кезекте, дін философиясының нақты зерттеу мәселелерін ажыратып алу қажеттігі туындайды. Сол сәтте, ондағы адам мәселесі өздігінен-ақ туындап шығады.

Сөздіктер мен оқулықтарда ол кең мағынасында және тар мағынасында ажыратылады. Дін философиясының объектісін: дін, құдай, оның қызметі туралы, зерттеу пәні мен қарастыратын негізгі мәселелерін: теологияның негізгі мәселелерін, діннің жалпы құрылымы және дін туралы, жаратушы хақында философия тарихындағы қарастырылған тақырыптарды тұтастай зерделеу ретінде бекітеді. Кең мағынасында діннің қызметі мен табиғаты туралы, адам мен құдайдың қатынасы туралы, тар мағынасында құдайлық пен дін жөніндегі түсіндірмелі жеке философиялық пайымдау, философиялаудың ерекше типі ретінде, ірі философиялық жүйенің арнайы бөлімі немесе жекешеленген философиялық пән.

Демек, дін философиясы тар мағынасында құдай мен дін туралы жеке философиялық пайымдаулар болса, кең мағынасында рухани мәдениеттің аясындағы философияның белгілі бір ауқымды саласы болып табылады да, бұнда натурализм, материализм, экзистенциализм, феноменология, прагматизм, позитивизм, лингвистикалық философия, психоанализ т.б. әдіснамалық негіздер қолданылады [7].

Ю. А. Кимелев дін философиясының негізгі екі формасын қарастырады. 1. Философиялық дінтану – дін феномені, адамның шындыққа діни қатынасы, құдайлық шынайылық, діни тіл мен таным мәселелерін зерттейді. 2. Философиялық теология – сенетін адам және одан туындайтын ерік күші, құдайдың атрибуттарының болмысын зерттейтін философиялық-діни концепциялар. Философиялық теология кейде «табиғи теология», «діни метафизика», «рационалды теология» деген сияқты атаулармен де беріледі. Дін философиясы батыс еуропалық мәдениетте тар мағынасында арнайы қолданылған түсінікте біріншіден, діннің құзыреттілігіне қатысты мәселелерді философиялық құралдар арқылы шешу бойынша жолға қояды және ол философиялық теология ретінде көрініс табады. Мәселен, Аристотельде теология метафизиканың бір бөлігі болса, Фома Аквинскийде «табиғи теология» — құдайтанымдық жүйенің бөлігі: адам ақылы өзінің жеке күшімен құдайды таниды және оны дәлелдеуге тырысады. Антика дәуірі мен орта ғасырда дін философиясы сенім мен ақылдың қатынасы мәселелерін шешуге ұмтылды, ал философия «діннің қызметшісі» ретінде танылды [8].

Кейбір анықтамалар мен түсініктемелерде дін философиясы соңғы жүз елу жылда айтарлықтай елеулі өзгерістерге ұшырағандығын, ол өз алдына жеке пән ретінде қалыптасып, мынадай негізгі бағыттарды нысанаға алғандығын атап көрсетеді: әлемнің жалпы философиялық бейнесі аясында діннің мәні бейнелеуге және оны ашуға ұмтылыс; белгілі бір діни ұстанымды философиялық тұрғыдан сынауға ұмтылыс немесе оны негіздеу; дін тілін логикалық тұрғыдан талдауға ұмтылу.

Кейбір түсініктемелерде «Дін философиясы діни тәжірибе мен оның көздерінің мазмұнын, сенім мен ақыл-ой, ойлау мен жалбарынудың, құдай болмысының пайдасына шешілген парасаты айғақтар арақатынасын, зұлымдық пен құтқару мәселелерін, жанның өлмейтіндігі мен мәңгі өмір мәселелерін, діни көптүрлі сенім мен сенбейтіндерді байыптаумен байланысты болып келетін философиялық зерттеулер арнасы», – дей келе, ойшылдардың философиялық тұжырымдамаларымен анықталатын дінге философиялық тұрғыдан баға беру мен оны түсіндіру екендігін, ол идеалистер арқылы діннің тікелей немесе бүркемеленген түрде қажеттілігін негіздеп, оның жоғарғы күштердегі көздерін мойындауға және материалистер арқылы діннің жерлік табиғи себептер екендігін, оның ақылмен және ғылыммен сыйыспайтындығын ұсынуға алып келетін екі арнаға бөлінгендігін атап өткен еді. Сондай-ақ маркстік дін философы мынадай үш мәселені шешетіндігін: діннің табиғаты мен оның мәні туралы сауалды теориялық тұрғыдан; діннің шындықты бұрмалауға ұшырататындығын, әлемді жалған бейнелеулермен көмкеретіндігіне гносеологиялық талдаулар жасайтындығын; діннің танымдық түбірлерін, оның қалыптасу мүмкіндіктерін ұсынады.

Сонымен қатар: «Жалпы дін философиясы діннің табиғаты, мәні, маңыздылығы және жарамдылығына қатысты зерттеу болып табылады», – деп қысқаша анықталған түсіндірмелер де бар [9].

Кейбір түсініктемелер: дін философиясындағы негізгі мәселелерді былайша ұсынады: жалпы дінтанулық білімдер жүйесіндегі дін философиясының мәртебесін, дінді философиялық байыптаудың ерекшеліктерін көрсету, нысанаға (метамәселеге) жетудің әдістері мәселесін шешу; діннің мәнін игеру және оны философиялық тұрғыдан түсінуді ұсыну; діннің онтологиялық және гносеологиялық негіздері мен алғышарттарын зерттеу; діни көзқарастардың, онтологияның, гносеологияның, ойлау мен тілдің ерекшеліктерін талдау; дін туралы теистік ілімдердің мазмұнын, оның болмысының негізделуін, бұл ілімдердің басқа да субстанционалдық парадигмалармен қатынасын ашу; діни философияның мазмұны мен ерекшеліктерін көрсету.

Р. Шеффлер бес типті: рационалдылыққа дейінгі сананы сынау, дінді философияға айналдыру, философиялық теология, дін феноменологиясы, тілдік бетбұрыс деп көрсетсе, Ниниан Смарт әлемге жалпы көзқарас құрылымында дінді талдау менсуреттеу, философия терминдеріндегі діни пікірлерді сынау мен құптау, діни тілді талдау деп үш типті ұсынады [10].

Сондай-ақ, «Міне осы тәрізді дін философиясы Тәңір, Нирвана, Жарату, Уаһи, құлшылық, құтылу және мәңгі өмір т.б. әр түрлі діни ұғымдарды философиялық тұрғыдан ашып түсіндіріп, діни тіркестердің әр түрлі салалардағы көріністерін айқындайды», – деп түсіндірілген зерттеу пәні, біздіңше, діни философияға қарай бет түзейтін сынайлы.

Бұл пікірлерден біз дін философиясының объектісі мен пәнінің, салалары мен құрылымының әлі де толық тиянақталмағандығын көре аламыз. Сонымен қатар, дін философиясына байланысты: дін тарихы, дін психологиясы, дінтану әдіснамасы, дін социологиясы, дін феноменологиясы, діни антропология т.б. сияқты жаңадан қалыптасып келе жатқан бағыттардың онымен қатынасын ашу да бұл тұста өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, кейбір зерттеушілер бұларды дін философиясының салалары ретінде қарастырса, кейбірі жай ғана пән ретінде таниды, кейбірі одан тыс жеке қалыптасқан сала деген сияқты түсініктерді ниеттейді.

Ендеше, дін философиясы кең мағынасында, осы салаларды тұтас қамтитын және оларды да қалыптастырып келе жатқан философияның бір саласы болса, тар ауқымда дінді философиялық тұрғыдан, сезімдік-сенімдік деңгейден барынша тыс, рационалды-теориялық тұрғыдан зерделеп, дінге қатысты барлық ілімдердің ішкі мағынасына еніп, нақты тұжырымдар мен идеялар тудыратын, өзіндік әдіснамалары мен әдістерін қалыптастыруға қарай бет түзейтін ілім ретінде танымыз. Яғни, дін философияның объектісіне айналады, себебі, кең ауқымды философия бұл тұста дінді нысанаға алады:

«Философияның негізгі зерттеу объектісі діни сенім болып табылады, ол философиялық зерттеу дәрежесімен сәйкестігі арқылы ерекшеленеді». Немесе: «Тарихи тұрғыдан алып қарағанда философия мен дінде әр түрлі бағыттар болғанымен, оларды түсіндірген кезде бірлестіруші принципке негізделі отырып қарастырылатынын айтуымызға болады», – деп тұжырымдалған пікірлер арқылы дін философиясы туындай алатындығына көз жеткізе аламыз.

Ал келесі кезекте: «Негізінде Гегелдің көзқарасы бойынша дін туралы айтқан көзқарасына ұқсас философияның тақырыбы да эзәлі ақиқат және объективті шындық ретінде бұл ақиқат Тәңірден басқа нәрсе емес. Өйткені, философия негізінде әлемге қатысты нәрсе емес, керісінше

әлемнен тыс даналық болып табылады. Философия сыртқы әлемде бар болған және сезім тәжірибеміз бен біле алатын эмпирикалық шындықтың ілімі емес, Тәңір және оның табиғатынан пайда болатын нәрселердің ілімі болып табылады» деген тұжырым арқылы діни философияның дін философиясына қарай туындау бағдарын түйсінудімізге болады.

Осы тұста, біз, зерттеу тақырыбымызға қарай ойыса келе, діни антропология саласының да қатысты қырларын ашып беруіміз керек. Ол үшін, алдымен, діни антропология дегеніміздің не екендігін нақтылап алуға тиіспіз.

Дәстүрлі түсініктерге сүйенсек, діни антропология кейде дін философиясының зерттеу ауқымын түсіндіру барысында оның дін психологиясы, дін әлеуметтануы, дін феноменологиясы сияқты субкатегорияларының бірі ретінде анықталады.

Ал кейде, әлемнің діни дәстүрлеріндегі адам, оның жаратылуы мен тағайындалуы, мәні мен қасиеттері, күнә мен құтқарылу (хамартиология мен сатериология), өлім мен өлімнен кейінгі өмір (танатология мен эсхатология) хақындағы ғылыми пән болып анықталады да, қарастырылатын негізгі мәселелері былайша көрсетіледі: әлем діндеріндегі қасиетті және діни мәтіндердегі имплицитті антропологиялық түсініктер; антропологиялық терминология; халықтық діни антропологиялық түсініктер; әр түрлі діни дәстүрлердегі адам туралы теологиялық және діни-философиялық ілімдер; дескриптивті, нормативті, практикалық діни антропология.

Діни антропология кейде діни философияның бір бөлімі ретінде қарастырылса кейде философияның бір саласы деп те айтылады. Осыған байланысты, дін философиясындағы адам мәселесі мен діни антропологияның түйіскен тұстарын ашып көрсету қажеттілігі туындайды. Діни антропология жоғарыда айтқандай, әлемдік діндердегі адамды діни мәтіндер бойынша сараласа, дін философиясындағы адам мәселесі дінді философиялық тұрғыдан талдау барысындағы адамның орнын, дін мен адамның арақатынасын, діни дүниетанымның адами қырларын т.б. зерделейді. Бірақ түптеп келгенде, екі сала бір-біріне жуықтайды. Біздіңше, ең басты айырмашылығы – діни антропологиялық мәселелерді екі арнада қарастыруға болатындығы: дін философиясы бойынша және діни философия бойынша. Бірақ біз бұл арналарды қатаң ажыратпайтын боламыз, себебі, екеуі бір-бірімен өте тығыз байланысты болып келетін құрылымдар.

Сайып келгенде, біз, бұндай қатынастарды мынадай алгоритм бойынша өрнектесек, мәселе нақтылана түседі:

Философиялық антропология – Діни антропология.

Демек, жоғарыдағы берілген түсініктемелерді дамыта отырып, дін философиясына қатысты алынған ең басты өзіндік ұстанымдарымыз бен міндеттерімізді былайша туындата аламыз:

- дінді насихаттаумен, апологетикамен немесе жоққа шығарумен, күресумен шұғылданбауы тиіс; дегенмен, өзіндік пікірлерін дінге қатысты барлық салада батыл және сыни тұрғыдан рационалды деңгейде ұсынуы қажет.

- ұсынылған тұжырымдар мен пікірлер діни философиямен кірігіп, тұтасып кетпеуі тиіс, қажет кезінде оларды анық ажырататындай болуы керек; дегенмен, әлемдік философия тарихындағы арнайы дін философиясы деп аталмай, діни философияға жатқызылып жүрген пікірлер мен тұжырымдар бар екендігін мойындайды;

- дінді зерттеудегі еріксіз түрде бет бұратын философиялық метафизикалық мәселелерден арылатындай болуы керек; дегенмен, қазіргі заманғы синергетикалық, кванттық, постмодернистік әдіснамалар мен бағдарларды да бетке ұстауы тиіс т.б.

Қорыта айтқанда, дін философиясының қарастыратын мәселелер ауқымынан адам туралы толғаныстардың негізгі шеңберін былайша анықтап ала аламыз.

Біріншіден, философиядағы адам туралы антропологиялық, жалпы теориялық мәселелерді дін философиясы тұрғысынан зерделеу; екіншіден, жоғарыда айтылғандай, адамның Антика дәуіріндегі космоцентристік, орта ғасырдағы теоцентристік, қайта өрлеу дәуіріндегі антропоцентристік, жаңа замандағы рационалистік сипаты мен XIX–XX ғасырдағы адам туралы философиялық ағымдардың ішіндегі діни бағыттарды негізге алу; үшіншіден, дін философиясын кең көлемді арнада қарастыру және ондағы адам мәселесіне көңіл аудару; төртіншіден, діни философиялық, теологиялық, мистикалық т.б. сезімдік-идеологиялық тұжырымдардан барынша аулақ болу, бесіншіден, дін психологиясы, дінтану әдіснамасы, дін феноменологиясы, дін әлеуметтануы, діни антропология т.б. дінтану ілімінің салаларымен аталған тақырыпты кіріктіре отырып зерделеу.

Осындай жалпы әдіснамалық зерттеу бағдарларымызды негізге ала отырып, құрылған жоспарымызға сәйкес, біз мынадай төрт сала бойынша зерттеулер жүргіземіз: 1) философия тарихындағы дін философиясындағы адам мәселесін тарихи-философиялық тұрғыдан талдау; 2) әлемдік діндердегі адам мәселесін және олардың дін философиясындағы адам мәселесін сараптау; 3) аталған мәселені ұлттық философия мен қазіргі Қазақстан жағдайындағы қарастырылу деңгейі бойынша саралау; 4) дін философиясындағы адам мәселесін әлеуметтік философия тұрғысынан зерделеу және бұл тақырыпты зерттеудің перспективалары мен өзекті мәселелерін туындату және дін әлеуметтануы бойынша: тұлға қалыптастыру, діни ағарту т.б. мәселелерді де назардан тыс қалдырмау.

Бірінші сала бойынша, алдымен, дін философиясының негізі мен алғышарты болған діни философияға шолулар жасалып, олардағы адам туралы толғаныстарға талдаулар жасалады, одан соң, еркін-ой сана мен дін философиясының кәсіби деңгейде қалыптасқандығы нысана алынады, кейіннен қазіргі кездегі ХХ ғасырдағы дін философиясындағы антропологиялық түйткілдер зерделенеді.

Екінші сала бойынша, будда, христиан, ислам діндеріндегі адам мәселесінің қойылысы мен олардың әрқайсысынан туындаған дін философиясындағы адамның орны талданады және үшеуінің қойылып отырған мәселеміз бойынша өзіндік ерекшеліктері ашып көрсетіледі.

Үшінші сала бойынша, ұлттық философия тарихындағы дін философиясы туралы толғаныстар зерделенеді, одан соң, қазіргі еліміздегі отандық ғалымдармен жалпы теориялық санадағы діндегі адам мәселесі қарастырылады, соңында, тарихилық пен логикалықтың бірлігі бойынша, бүгінгі Қазақстандағы аталған тақырыптың өзекті қырлары туралы пікірлер ұсынылады.

Төртінші сала бойынша, жалпы әлемдік дін философиясындағы адам мәселесін әлеуметтік тұрғыдан зерттеудің түйткілді тұстары зерделеніп, одан соң алдағы уақыттағы болуы ықтимал ахуалдар туындатылады да, болжамданады, сөйтіп, зерттеу перспективалары ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында адамға қатысты мәселе болғандықтан, дін әлеуметтануы бойынша қарастырылатын қазіргі заманға дінгесенген тұлға, діни қоғам мен адамның арақатынасы, діни ағарту мәселелері де назардан тыс қалдырылмайды және ол дін философиясы тұрғысынан таразыланатын болады.

Дегенмен, жоғарыда айтқандай, дін философиясы мен діни философияның теориялық тұрғыдан ара жігі нақтыланғанмен, философия тарихындағы көптеген тұжырымдардың өзінің арнасы толық дихотомияланбаған. Оның өзіндік объективті және субъективті себептері бар. Мысалы, дінді зерттеуші атеист болмаса, көп жағдайда өзінің ұстанатын діни туралы толғаныста діни арнаға бет бұрып кетеді. Сондықтан, біз осындай субъективті және объективті жағдайларды ескере отырып, дін философиясының арнасын барынша кең көлемде қарастырамыз. Нақтырақ айтқанда, «дін философиясын негізге алып, діни философияға қарай бет бұрғандар»; «діни философияны негізге алып, дін философиясына қарай бет бұрғандар»; «дін философиясы мен діни философия аралығында ауытқығандар, екеуін тең дәрежеде ұстанатындар»; «бірде дін философиясына, бірде діни философияға ауытқитындар» бағыттарын зерттеу нысанамызға аламыз.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Helm P. Faith with Reason. – Oxford: Clarendon Press, 2000. – 407 p.
- [2] Рассел Б. История западной философии: в 2 кн. – Новосибирск, 1994. – Кн. 1. – С. 131-200.
- [3] Новейший философский словарь. – 3-е изд., исправл. – Минск: Книжный Дом, 2003. – 1280 с.
- [4] Метатеология [Online] URL: // [http://modern\\_western\\_philosophy.academic.ru](http://modern_western_philosophy.academic.ru)
- [5] Булгаков С.Н. Свет невечерний: Созерцания и умозрения. – М.: Республика, 1994. – 415 с.
- [6] Религиозная философия [Online] URL: // <http://teologia.ru>
- [7] Чичерин Б.Н. Наука и религия. – М., 1999. – 495с.
- [8] Философия религии [Online] URL: // [http://www.Modern\\_western\\_philosophy.academic.ru](http://www.Modern_western_philosophy.academic.ru)
- [9] Религиоведение: учебное пособие и учебный словарь-минимум по религиоведению / Под ред. проф. И. Н. Яблокова. – М.: Гардарики, 1998. – 536 с.
- [10] Кимелев Ю.А., Полякова Н.А. Наука и религия: историко-культурный очерк. – М.: Наука, 1988. – 176 с.

#### REFERENCES

- [1] Helm P. Faith with Reason. Oxford: Clarendon Press, 2000. 407 (in Eng.).
- [2] Rassel B. Istorija zapadnoj filosofii: v 2 kn. Novosibirsk, 1994. Kn. 1, 131-200 (in Russ.).

- [3] Novejšij filosofskij slovar'. 3-e izd., ispravl. Minsk: Knizhnyj Dom, **2003**. 1280 (in Russ.).
- [4] Metateologija. Online, URL: [http://modern\\_western\\_philosophy.asademis.ru](http://modern_western_philosophy.asademis.ru) (in Russ.).
- [5] Bulgakov S.N. Svet nevechernij: Sozercanija i umozrenija. M.: Respublika, **1994**. 415 (in Russ.).
- [6] Religioznaja filosofija. Online, URL: <http://teologia.ru> (in Russ.).
- [7] Chicherin B.N. Nauka i religija. M., **1999**. 495 (in Russ.).
- [8] Filosofija religii. Online, URL: [http://www.Modern\\_western\\_philosophy.asademis.ru](http://www.Modern_western_philosophy.asademis.ru) (in Russ.).
- [9] Religiovedenie: uchebnoe posobie i uchebnyj slovar'-minimum po religiovedeniju. Pod red. prof. I.N. Jabloкова. M.: Gardarika, **1998**. 536 (in Russ.).
- [10] Kimelev Ju.A., Poljakova N.A. Nauka i religija: istoriko-kul'turnyj ocherk. M.: Nauka, **1988**. 176 (in Russ.).

**К. К. Калдыбай<sup>1</sup>, Т. К. Абдрасилов<sup>1</sup>, Б. Ж. Паридинова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>МКТУ им. К. А. Ясауи, Туркестан, Казахстан,

<sup>2</sup>Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

**АНТРОПОЛОГИЯ В ФИЛОСОФИИ РЕЛИГИИ:  
ОСНОВНЫЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ**

**Аннотация.** Рассматривается проблема человека в философии религии с исторически-относительной точки зрения в каждом периоде. Исследование проблемы человека в философии религии в первую очередь касается духовного уровня, в особенности она возникает из духовного поиска. В частности, это напрямую связано с отношением человека к религии, его душевным состоянием, с человеческим самопознанием, культурно-социальным и духовными аспектами.

**Ключевые слова:** религия, философия, человек, духовность, моральные качества.

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

**ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)**

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 30.10.2016.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
12,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 6.